



Өмірбаян Жаңбыршиева Айгүл Орынбасарқызы

1982 жылы желтоқсан айының 11 жұлдызында Алматы қаласында дүниеге келді. 2000 жылы М.Жұмабаев атындағы № 137 орта мектепті бітіріп шықты.

2004 –Т.Жүргенов атындағы ҚҰӨА «Өнертану» мамандығы бойынша үздік аяқтады.

2000 жылы Алматы қаласы, Қазақ Ұлттық өнер академиясының «Өнертану» бөліміне оқуға түсіп, 2004 жылы үздік дипломмен бітірді.

Оқу барысында 2000 жылы Болатпаев Құдайберген Казимұлының жетекшілігімен студенттердің ғылыми жұмыстарына байланысты ұйымдастырылған Республикалық конкурсқа қатысып, мақтау қағазымен марапатталды.

Педагогикалық қызметін 2004 жылдың 1 қыркүйек айынан бастап Орал Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжіне «Бейнелеу өнерінің тарихы» пәнін қазақ тілінде оқыту мақсатымен оқытушы қызметіне қабылданғаннан бастаған.

2004 жылы осы ЖОО-ның «Өнертану» мамандығы бойынша магистратураға оқуға түсіп, 2006 жылы бітірді. Осы аралықта 2005 жылы Өнер академиясының «Өнертану» факультетінің «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасына «Батыс Еуропа өнернің тарихы» атты пәнінен сабақ беруге оқытушы қызметіне қабылданды. 2003 жылы осы факультеттің ұсынысымен Санкт- Петербург қаласына білім тәжірибесін нығайту мақсатымен іс-сапарға жіберілді. 2007 жылы «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасы атынан аға оқытушылық қызметке тағайындалды.

2007 жылдан бері студенттердің курстық жетекшілікті атқарып келеді, «Өнертану» мамандығы бойынша оқылатын негізгі курстарды қазақ тілінде жүргізеді. Жарық көрген мақалалары, баяндамалары, көрмеге жазған буклет мәтіндері оқырманға таныс.